



QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№ 22/48
3 маусым



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

ҚАЛАҒА ЖАҢА ӘКІМ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



**НҮРЛАН ЛАМБЕКОВТІ ПРИОЗЕРСК МӘСЛИХАТЫНЫҢ
КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫНДА ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЕРБОЛ ӘЛІҚҰЛОВ
ТАНЫСТЫРДЫ. ДЕПУТАТТАР КАНДИДАТУРАНЫ МАҚҰЛДАДЫ.**

**НУРЛАНА ЛАМБЕКОВА НА ВНЕОЧЕРЕДНОЙ СЕССИИ
МАСЛИХАТА ПРИОЗЕРСКА ПРЕДСТАВИЛ ЗАМЕСТИТЕЛЬ
АКИМА КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ЕРБОЛ АЛИКУЛОВ.
ДЕПУТАТЫ ОДОБРИЛИ КАНДИДАТУРУ.**

Facebook PRIOZERSK QALASYNYŇ ÄKIMDIGI Instagram PRIOZERSK.AKIMDIGI Telegram SENIM109.KZ

2023-жылдың мамыр айының 30-жұлдызында Приозерск қалалық әкімдігінің мәжіліс залында қалалық мәслихаттың кезектен тыс IV сессиясы болып өтті. Сессияны Приозерск қалалық мәслихатының төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев ашып, жүргізді.

Сессияның күн тәртібінде «Приозерск қаласының әкімі лауазымына тағайындауға келісім беру туралы» мәселе қаралды. Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Аликулов Ербол Шымкентбайұлы бұл лауазымға Ламбеков Нұрлан Рымбайұлын таныстырып, ұсынды. Бұған дейін ол «Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің аудан әкімінің орынбасары болған.

Нұрлан Ламбеков еңбек жолын 1983-жылы бастаған. Мемлекеттік қызметте 1995- жылдан бері қызмет етіп келеді.

1995-1997 ж.ж. Қоянды ауылдық округінің әкімі;

1997-2006 ж.ж. Қарағайлы кентінің әкімі;

2006-2007 ж.ж. «Қарағанды қаласы Қарқаралы ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысы;

2007-2010 ж.ж. Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімі;

2010-2012 ж.ж. «Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің аппарат басшысы;

2012-жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қарағанды облысы Осакаров ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде аудан әкімінің орынбасары болған.

Нұрлан Рымбайұлы Ламбековтың еңбек жолын, өмірлік тәжірибесін ескере отырып, мәслихат депутаттары Нұрлан Рымбайұлын Приозерск қаласының әкімі лауазымына тағайындауға бір ауыздан келісімдерін берді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ! УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА!

Рәміздер күні



Баршаңызды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күнімен құттықтаймын!

Қазақстанның Туы, Елтаңбасы және Әнұраны еліміздің мемлекеттілігі мен тәуелсіздігін бейнелей отырып, ұлттық рух пен тарихын бейнелейді.

Отанды сую мен өз еліне деген мақтаньш - оның рәміздерін құрметтеуден басталады.

1992 жылғы 4 маусым біздің тарихымызда және халық жадында жаңа мемлекеттік рәміздердің туған күні ретінде мәңгі сақталады.

Бүгінде біздің Отанымыздың рәміздері бүкіл әлемге танымал, бұл бойымызда еліміз үшін мақтаньш пен патриотизм сезімін тәрбиелейді.

Халқымыздың бірлігі мен Ұлы күшiнiң арқасында Қазақстан одан әрi дамып, гүлдене бередi деген сенiмдемiн.

Құрметтi қала тұрғындары, көрген кезде жiгер, естiгенде ерекше сезiмге бөлейтiн рәміздерiмiздi қастерлеу бiздiң ортақ парызымыз.

Халқымыздың айбарын асқақатып, бойына ұлтжандылық дарытатын рәміздерiмiз төрiмiзден түспей, тұғыры биiк болсын!

Приозерск қаласының әкімі Ламбеков Н.Р.
Приозерск қалалық мәслихат төрағасы Исатаев А.Н.

Поздравляю всех с Днём государственных символов Республики Казахстан!

Флаг, Герб и Гимн Казахстана отражают национальный дух и историю, олицетворяя государственность и независимость нашей страны.

Чувство Родины, гордость за свою страну начинается с уважения к её символам. Поэтому государственные символы – это предмет национальной гордости.

4 июня 1992 года навсегда останется в нашей истории и в памяти народа как день рождения новой государственной символики.

Сегодня символика нашей Родины узнаваема во всём мире, что вызывает гордость за свою страну, воспитывает чувство патриотизма.

Уверен, что благодаря сплочённости, великой силе нашего народа, Казахстан и далее будет процветать!

Желаю всем крепкого здоровья, счастья и благополучия, успехов в труде на благо нашей Родины – Республики Казахстан!

1-МАУСЫМ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЛАЛАРДЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

БАРЛЫҚ ИГІЛІК – БАЛАЛАР ҮШІН!



«Бала көңілдің гүлі, көздің нұры» - деген жақсы сөз бар қазақта. Қазақ атамыз бала десе ішкен асын жерге қойып, барын алдына тосып, ешкімнен кем қалмай өсуіне барлық жақсы әрекеттерді жасаған. Тіпті «баламның табанына кірген шөңге менің маңдайыма кірсін» - деп баласына еш жамандықты жуытпай, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген. Баланын көкке көтеріп, төрге шығарып, ерекше құрметтеген сол бабаларымыз, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Жастайынан жақсы әдеттерге баулып, өсе келе маңызды шаруаларға араластырып, өнегелі тәрбие беруге тырысқан. Баланың титтейінен тәтті қылықтарын қызықтап, жақсылықтарына қуанып, мерейлерін асырған. Бала қуанышы қашан да жүректі де жанды да жылытады. Жүзге ерексіз күлкі мен шатық сыйлайды. Ал өз қуанышымен басқаларды қуантатын бала бақыты әр адамды толғандыруы керек емес пе? Балалық шақ ең таза, кіршіксіз, қисынсыз кезең. «Бақыт деген – менің бала күндерім» деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай, балалық әркімнің жадында қызықтармен, шат - шадыман ойын, риясыз күлкімен есте қалады. Ойын баласы үшін ойынынан артық қызық жоқ.

Биылғы 1-маусымы күні Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеу құрметіне орай қала әкімі Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков, әкімнің орынбасары Сағымбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев, қалалық мәслихат

төрағасы Алтай Нәсіпбекұлы Исатаев, «Аманат» партиясы қалалық филиалының төрағасы Дулат Орынбасарұлы Дүйсембаев және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ұлан Алмасұлы Алмас біргелікте мүгедектігі бар балаларды айтулы мерекемен құттықтады.

Айтулы мереке күні, Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің ұйымдастыруымен 36 мүгедектігі бар бала, оның ішінде 16 бала үшін «Coffee» кафесінде мерекелік дастархан, ертегі кейіпкерлерінің қатысуымен мерекелік бағдарлама және жеміс-жидек себетін табыстау арқылы мерекелік іс-шара өткізілді. Қалған 18 бала денсаулығына байланысты мерекелік ісшараға келе алмауына орай, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары арнайы үйлеріне барып, жеміс-жидек себеті мен 5000 теңгеге сертификат табыстап, құттықтады. Осы күні кешкілік балаларға арналып мерекелік серуен ұйымдастырылды.

Балалардың бойынан кемшілік емес, жетістік іздеңіз, оларға жиі көңіл бөліп, жақсы істерін дер кезінде бағалап, қолпаштап, ынталандыруды да ұмытпаңыз. Бала жүрегі нәзік, көңілі пәк екенін естен шығармаңыз. Бала - өзіндік әлемі бар ғажайып жеке тұлға. Оған сіздің көз қарасыңыз, жылы жүрегіңіз, ыстық ықыласыңыз өте қажет!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

БОТУЛИЗМ

Ботулизм (от лат. botulus — колбаса) — тяжёлое токсикоинфекционное заболевание, характеризующееся поражением нервной системы, преимущественно продолговатого и спинного мозга, протекающее с преобладанием офтальмоплегического и бульбарного синдромов.

Развивается в результате попадания в организм пищевых продуктов, воды или аэрозолей, содержащих ботулотоксин, продуцируемый спорообразующей палочкой *Clostridium botulinum*. Ботулотоксин поражает мотонейроны передних рогов спинного мозга, вследствие чего нарушается иннервация мышц, развивается прогрессирующая острая дыхательная недостаточность.

Входными воротами являются слизистые оболочки дыхательных путей, желудочно-кишечного тракта, повреждённая кожа и лёгкие. От человека к человеку инфекция не передаётся. Несмотря на то, что ботулизм регистрируется гораздо реже, чем другие кишечные инфекции и отравления, он продолжает оставаться актуальным и опасным для жизни заболеванием.

В соответствии с рекомендациями ВОЗ различают четыре категории ботулизма: пищевой ботулизм (заболевание возникает после употребления в пищу продуктов, содержащих накопившийся ботулинический токсин); раневой ботулизм (развивается при загрязнении почвой раны, в которой создаются условия, необходимые для прорастания попавших из почвы *Clostridium botulinum* и последующего токсинообразования); ботулизм детского возраста (возникает у детей преимущественно до 6 месяцев, при инфицировании их спорами *Clostridium botulinum*); ботулизм неутонченной природы (установить какую-либо связь возникшего заболевания с пищевым продуктом не удаётся).

По степени тяжести различают лёгкую, среднетяжёлую и тяжёлую форму болезни. При лёгком течении у больных паралитический синдром ограничивается поражением глазодвигательных мышц; при среднетяжёлом поражаются и мышцы глотки, гортани. Тяжёлое течение характеризуется дыхательной недостаточностью и тяжёлыми бульбарными нарушениями.

Профилактика заболеваний и отравлений

Профилактика пищевого ботулизма затрудняется в связи с широким распространением ботулины в природе и его устойчивостью к неблагоприятным условиям окру-

жающей среды. Основными профилактическими мерами против заражения является создание условий, препятствующих росту и размножению спор бактерий и предотвращение попадания возбудителя в пищу. К последним относятся меры по поддержанию чистоты в местах, где приготавливают пищевые продукты, представляющие собой благоприятное место для развития возбудителя заболевания.

Продукты домашнего консервирования в герметически закрытой таре являются наиболее опасными для человека, так как в домашних условиях добиться полного уничтожения *Clostridium botulinum* невозможно. Больше всего это касается грибов, потому что отмыть их от частичек грунта, в котором содержатся споры ботулины, очень сложно. Перед употреблением консервов необходимо прогреть вскрытые банки при 100 С° в течение 30 мин (в кипящей воде) для разрушения токсина. Продукты питания, не подлежащие термической обработке, но представляющие собой благоприятное место для токсина (солёная и копчёная рыба, сало, колбасы), должны храниться при температуре не выше 10 С°. Возбудители ботулизма попадают в организм с сырой водой, в том числе речной. Часто такое бывает, когда речную рыбу просаливают или вялят в домашних условиях. На промышленном предприятии рыбу непременно удалили бы кишечник, а вместе с ним и возбудителей инфекции. Профилактика раневого ботулизма сводится к первичной хирургической обработке раны.

Прогноз

При раннем введении противоботулинической сыворотки прогноз благоприятный. Без применения современных методов лечения летальность может составлять 30—60 %. Смерть, как правило, наступает от паралича дыхательной мускулатуры и последующей гипоксии (дыхательной недостаточности). Своевременное лечение болезни снижает процент летальности исхода до 10 %, а в специализированных центрах — до 3—4 %. При отсутствии возможности проводить искусственную вентиляцию лёгких погибает 65 % заболевших. Восстановительный период длится несколько месяцев и заканчивается полным выздоровлением.

*Приозерское городское
управление
санитарно-эпидемиологического
контроля*



ХАБАРЛАНДЫРУ

ОСЫ ТІЗІМДЕ КӨРСЕТІЛГЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕСІН АЛУҒА КЕЗЕГІ КЕЛГЕНДІГІН ЖӘНЕ ЖАРИЯЛАНҒАН КҮННЕН БАСТАП 10 (ОН) КҮНТІЗБЕЛІК КҮННІҢ ІШІНДЕ ӘКІМДІККЕ ЖЕР УЧАСКЕСІН БӨЛУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ БІЛДІРУ ҚАЖЕТ ЕКЕНДІГІН, ӨТІНІШ БІЛДІРІЛМЕГЕН ЖАҒДАЙДА ЖЕР УЧАСКЕСІ КЕЗЕККЕ СӘЙКЕС КЕЛЕСІ ТӨМЕН ТҮРҒАН АДАМҒА БЕРІЛЕТІНДІГІН ХАБАРЛАЙМЫЗ

№ п/п	А.Ә.Т.	ЖСН	Туған күні	Тұрғылықты мекенжайы	Өтінішті берген күн	Кезекке қойылған күн
1	Осадченко Надежда Александровна	590501402862	01.05.1959	Р. Кошкарбаев көшесі, 9 үй, 36 пәтер	29.12.2007	08.02.2008
2	Дәрібаев Асылбек Асылханұлы	850806302956	06.08.1985	Ықылас Дүкенұлы көшесі, 37/2 үй, 96а пәтер.	06.02.2008	15.03.2008
3	Малинбеков Мурат Казанкапович	730114300339	14.01.1973	Кисунько көшесі, 4/2 үй, 35 пәтер	01.04.2008	28.05.2008
4	Шевнина Лела Галламовна	530908450326	08.09.1953	Абылай хан даңғылы, 14/1 үй, 42 пәтер	28.07.2008	28.09.2008
5	Аитжанова Сауле Калиакпаровна	640830450078	30.08.1964	Жидебай батыр ықшам ауданы, 7 үй, 28 пәтер.	28.07.2008	28.09.2008
6	Есмуратова Бактыгуль Абдибаевна	670818401733	18.08.1967	Шымкент қаласы, 30 лет Октября көшесі, 2 үй, 43 пәтер	03.09.2008	03.10.2008
7	Рымбекова Саян Толеутаевна	721009401264	09.10.1972	Достық көшесі, 26 үй, 2 пәтер	23.06.2009	13.08.2009
8	Баймолдаева Айгуль Кенжебековна	870207402147	07.02.1987	Динмухамед Конаев көшесі, 1 үй, 36 пәтер	12.11.2010	13.12.2010
9	Толымбеков Мират Алтынханович	880117351032	17.01.1988	Батыс-2 ықшам ауданы, 25Г үй, 76 үй	23.04.2012	22.06.2012
10	Толеубаева Салтанат Нургазиновна	710915450431	15.09.1971	Гвардейская көшесі, 10 үй, 1 пәтер	06.03.2013	12.04.2013
11	Нурмуратова Самига Есемуратовна	700322450129	22.03.1970	Космонавтов көшесі, 9/2 үй, 89 пәтер	24.06.2013	26.07.2013
12	Кыдырмуратова Айнамкоз Уалиевна	941013450130	13.10.1994	Коккайнар ықшам ауданы, Аркалык көшесі, 77 үй, 13 пәтер	05.08.2013	22.08.2013
13	Медиева Айбану Кенбаевна	810723450538	23.07.1981	Балхашская көшесі, 2 үй, 33 пәтер	06.09.2013	04.10.2013
14	Сабирбаева Масату	520715450494	15.07.1952	Дружба Народов көшесі, 4/1 үй, 78 пәтер	14.11.2013	09.12.2013
15	Хуразов Канат Яхшиликович	740606350202	06.06.1974	Абай көшесі, 17/3 үй, 56 пәтер	05.12.2013	31.12.2013
16	Есжанов Сандибек Каргабаевич	621105350653	05.11.1962	Космонавтов көшесі, 1/2 үй, 18 пәтер	09.12.2013	31.12.2013
17	Жалмурзаева Гульмира Балгабаевна	680909450301	09.09.1968	Космонавтов көшесі, 1/2 үй, 18 пәтер	09.12.2013	31.12.2013
18	Байменов Сакен Керимбаевич	741017300217	17.10.1974	Дружба Народов көшесі, 4/2 үй, 2 пәтер	22.01.2014	13.02.2014
19	Уркумбаев Канат Ерболович	790820300190	20.08.1979	Балхашская көшесі, 2/2 үй, 4 пәтер	24.01.2014	13.02.2014
20	Кубеев Куттымурат Спандиярович	861201350505	01.12.1986	Агыбай батыр көшесі, 8 үй, 24 пәтер	24.01.2014	13.02.2014
21	Жаманбаев Аманжол Нурадинович	840516301266	16.05.1984	Алаш көшесі, 34 үй, 3 пәтер	19.02.2014	28.02.2014
22	Ибрахметова Ләзат Есенкелдіқызы	751201401739	01.12.1975	Бульвар Жеңіс, 28 үй, 57 пәтер	13.03.2014	04.04.2014
23	Тулчыкова Улбосын Эсанбековна	850326402715	26.03.1985	Дружба Народов көшесі, 2 үй, 67 пәтер	17.03.2014	04.04.2014
24	Алдамуратов Аманкелды Абдурахманович	771216350230	16.12.1977	Кисунько көшесі, 4/1 үй, 67 пәтер	19.03.2014	04.04.2014
25	Проходцев Олег Николаевич	600510300444	10.05.1960	Бәйтерек көшесі, 4 үй	20.03.2014	04.04.2014
26	Уразова Жансулу Абдуллаевна	590325450704	25.03.1959	Жеңіс бульвары, 30 үй, 16 пәтер	28.03.2014	30.04.2014
27	Тышканбаев Рахмон Марденович	580728350599	28.07.1958	Абай көшесі, 11 үй, 18 пәтер	10.04.2014	30.04.2014
28	Алиева Камиля Эдияровна	840621451329	21.06.1984	Космонавтов көшесі, 9/2 үй, 15 пәтер	11.04.2014	30.04.2014
29	Джанахмедова Пердегул Идирахмановна	640124450783	24.01.1964	Абай көшесі, 17/3 үй, 55 пәтер	04.05.2014	28.05.2014
30	Исмаилова Улбосын Хаитхужаевна	730911401425	11.09.1973	Абай көшесі, 11 үй, 16 пәтер	28.05.2014	28.05.2014



ОБЪЯВЛЕНИЕ

СООБЩАЕМ, ЧТО ПОДОШЛА ОЧЕРЕДЬ НА ПОЛУЧЕНИЕ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА ДЛЯ ИНДИВИДУАЛЬНОГО ЖИЛИЩНОГО СТРОИТЕЛЬСТВА ГРАЖДАН, УКАЗАННЫХ В ДАННОМ СПИСКЕ, И ЧТО В ТЕЧЕНИЕ 10 (ДЕСЯТИ) КАЛЕНДАРНЫХ ДНЕЙ СО ДНЯ ОПУБЛИКОВАНИЯ НЕОБХОДИМО ОБРАТИТЬСЯ В АКИМАТ С ЗАЯВЛЕНИЕМ О ВЫДЕЛЕНИИ ЗЕМЕЛЬНОГО УЧАСТКА, В ПРОТИВНОМ СЛУЧАЕ ЗЕМЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК БУДЕТ ПРЕДОСТАВЛЕН СЛЕДУЮЩЕМУ ЗАЯВИТЕЛЮ СОГЛАСНО ОЧЕРЕДНОСТИ

№ п/п	Ф.И.О.	ИИН	Дата рождения	Адрес проживания заявителя	Дата подачи заявления	Дата постановки на учёт
1	Осадченко Надежда Александровна	590501402862	01.05.1959	улица Р. Кошкарбаева, дом 9, квартира 36	29.12.2007	08.02.2008
2	Дәрібаев Асылбек Асылханұлы	850806302956	06.08.1985	улица Ықылас Дүкенұлы, д.37/2, кв.96а	06.02.2008	15.03.2008
3	Малинбеков Мурат Казанкапович	730114300339	14.01.1973	улица Кисунько, дом 4/2, квартира 35	01.04.2008	28.05.2008
4	Шевнина Лела Галламовна	530908450326	08.09.1953	проспект Абылай хана, д.14/1, кв.42	28.07.2008	28.09.2008
5	Аитжанова Сауле Калиакпаровна	640830450078	30.08.1964	микрорайон Жидебая батыра, д.7, кв.28	28.07.2008	28.09.2008
6	Есмуратова Бактыгуль Абдибаевна	670818401733	18.08.1967	город Шымкент, улица 30 лет Октября, дом 2, квартира 43	03.09.2008	03.10.2008
7	Рымбекова Саян Толеутаевна	721009401264	09.10.1972	улица Достык, д.26, кв.22	23.06.2009	13.08.2009
8	Баймолдаева Айгуль Кенжебековна	870207402147	07.02.1987	улица Динмухамед Конаева, д.1, кв.36 Динмухамед Конаев көшесі, 1 үй, 36 пәтер	12.11.2010	13.12.2010
9	Толымбеков Мират Алтынханович	880117351032	17.01.1988	микрорайон Батыс-2, д.25Г, кв.76 улица Гвардейская, дом 10, квартира 1	23.04.2012	22.06.2012
10	Толеубаева Салтанат Нургазиновна	710915450431	15.09.1971	улица Гвардейская, дом 10, квартира 1	06.03.2013	12.04.2013
11	Нурмуратова Самига Есемуратовна	700322450129	22.03.1970	улица Космонавтов, д.9/2, кв.89	24.06.2013	26.07.2013
12	Кыдырмуратова Айнамкоз Уалиевна	941013450130	13.10.1994	Микрорайон Коккайнар, улица Аркалык, д.77, кв.13	05.08.2013	22.08.2013
13	Медиева Айбану Кенбаевна	810723450538	23.07.1981	улица Балхашская, дом 2, квартира 33	06.09.2013	04.10.2013
14	Сабирбаева Масату	520715450494	15.07.1952	ул. Дружба Народов, д. 4/1, кв. 78	14.11.2013	09.12.2013
15	Хуразов Канат Яхшиликovich	740606350202	06.06.1974	ул. Абая, д. 17/3, кв. 56	05.12.2013	31.12.2013
16	Есжанов Сандибек Каргабаевич	621105350653	05.11.1962	ул. Космонавтов, д. 1/2, кв. 18	09.12.2013	31.12.2013
17	Жалмурзаева Гульмира Балгабаевна	680909450301	09.09.1968	ул. Космонавтов, д. 1/2, кв. 18	09.12.2013	31.12.2013
18	Байменов Сакен Керимбаевич	741017300217	17.10.1974	ул. Дружба Народов, д. 4/2, кв. 2	22.01.2014	13.02.2014
19	Уркумбаев Канат Ерболович	790820300190	20.08.1979	ул. Балхашская, д. 2/2, кв. 4	24.01.2014	13.02.2014
20	Кубеев Куттымурат Спандиярович	861201350505	01.12.1986	ул. Агыбай батыра, д. 8, кв. 24	24.01.2014	13.02.2014
21	Жаманбаев Аманжол Нурадинович	840516301266	16.05.1984	ул. Алаш, д. 34, кв.3	19.02.2014	28.02.2014
22	Ибрахметова Ләзат Есенкелдіқызы	751201401739	01.12.1975	БСА, д. 28, кв. 57	13.03.2014	04.04.2014
23	Тульчикова Улбосын Эсанбековна	850326402715	26.03.1985	ул. Дружба Народов, д. 2, кв. 67	17.03.2014	04.04.2014
24	Алдамуратов Аманкелды Абдурахманович	771216350230	16.12.1977	ул. Кисунько, д. 4/1, кв. 67	19.03.2014	04.04.2014
25	Проходцев Олег Николаевич	600510300444	10.05.1960	ул. Приморская, д. 4	20.03.2014	04.04.2014
26	Уразова Жансулу Абдуллаевна	590325450704	25.03.1959	бульвар Советской Армии, д. 30, кв. 16	28.03.2014	30.04.2014
27	Тышканбаев Рахмон Марденович	580728350599	28.07.1958	ул. Абая, д. 11, кв. 18	10.04.2014	30.04.2014
28	Алиева Камиля Эдияровна	840621451329	21.06.1984	ул. Космонавтов, д. 9/2, кв. 15	11.04.2014	30.04.2014
29	Джанахмедова Пердегул Идирахмановна	640124450783	24.01.1964	ул. Абая, д. 17/3, кв. 55	04.05.2014	28.05.2014
30	Исмаилова Улбосын Хаитхужаевна	730911401425	11.09.1973	ул. Абая, д. 11, кв. 16	28.05.2014	28.05.2014



ЖЕТИМ БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ НЫСАНДАРЫ

Жетім балалардың, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау оларды отбасына тәрбиелеуге (асырап алуға, қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа) беру арқылы, ал мүмкіндік болмаған кезде — жетім балаларға, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған барлық үлгідегі ұйымдарға орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Бала асырап алу және қамқоршылық - қандай да бір себептермен биологиялық ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың нысандары. Бала асырап алу-бұл нысанның ең басым түрі және баланың отбасында өмір сүруінің мүлдем басқа түрін білдіреді. Мемлекет асырап алынған балаларға арнайы жеңілдіктер бермейді. Баланы күтіп-бағу жөніндегі барлық шығыстарды асырап алушылар өз мойнына алады.

Қамқоршылық - ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастырудың ең танымал түрлерінің бірі. Көбінесе, егер анасы мен әкесі қайтыс болса немесе ата-ана құқығынан айырылса, отбасының туыстары қамқоршы болады. Қорғаншылық туралы шешімді жергілікті органдар қабылдайды және процесс тезірек жүреді. Ата-анасының қамқорлығын-

сыз қалған балаға патронаттық тәрбие беру арнайы шарт негізінде белгіленеді. Патронат - қорғаншылық немесе қамқоршылық түрі: тәрбиеші балаға қамқорлық жасайды, оның мүдделерін қорғайды, бала онымен бірге тұрады.

Баланы қабылдайтын отбасы-балалардың туыстары болып табылмайтын аға-інілері мен апа-сіңлілерін де, кемінде төрт және оннан аспайтын жетім баланы тәрбиелеуге қабылдау, сондай-ақ отбасына орналастырудың патронаттық нысанына қарағанда екі ата-анаға да жалақы төлеу.

Сонымен қатар жетім балалар және ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларды отбасына қабылдаушы ата-аналар Қарағанды қаласы және басқа аймақтардағы қабылдаушы ата-аналар мектебінің арнайы курстарын өтіп, сертификат алу қажет екендігін естеріңізге саламыз.

Отбасына жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды орналастыруға ниет білдіруші қала тұрғындары, «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ, Достық көшесі, 23, 3 қабат, 3 кабинет, тел.52962 жүгінулеріңізге болады.

«Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ»

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру және оны тарту процесін тежейді, сондай-ақ демократиялық қоғамның саяси және қоғамдық салаларына теріс әсер етеді және елдің болашақ дамуына үлкен қауіп төндіреді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес және оның профилактикасы Қазақстандағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдығының бірі болып белгіленген.

Бұл үшін біздің елімізде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңынан тұратын құқықтық негіз бар, онда «сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» деген анықтама берілген.

Қарапайым тілмен айтқанда, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет бабын жеке бас пайдасына пайдалану.

Қазіргі уақытта сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту бойынша жұмыс жалғасуда және үнемі жетілдірілуде. Әр ел қабылдаған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес әдістері бірегей және саяси, экономикалық тұрақтылыққа ғана емес, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерге, діни ерекшеліктерге, құқықтық мәдениет деңгейіне, аумақ пен халық алып жатқан аумаққа да байланысты.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі әдістерінің бірі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың профилактикасы екені сөзсіз. Сыбайлас жемқорлықтың салдары мен зұлымдықтарын көргеннен гөрі, ескерткен абзал дейді.

Осыған байланысты барлық мемлекеттік орган, соның ішінде салық органдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиісті арнайы органдарды шақыра отырып профилактикалық шараларды белсенді түрде өткізуде, яғни түсіндіру жұмыстары, семинарлар, «дөңгелек үстелдер», конференциялар, форумдар. Әрқайсымыздың ішкі сана-сезімімізге сіңіп кеткен сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы челленждер, бейнероликтер, фильмдер өте жақсы әсер етіп жасалып жатыр.

Приозерск қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

ТІЛГЕ ҚАЖЕТТІЛІК АРТТЫРЫЛСЫН!

«Қазақ тілінде сөйлеу мақтанш болу үшін оған деген қажеттілікті арттыру керек», - деді Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Сондай-ақ, 2019-жылғы қыркүйек айындағы Жолдауында мемлекет басшысы «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін», - деген сөзін де ескеруге тиіспіз. Яғни, мемлекеттік тіл – қазақ тілі болып қалуы қажет екендігі даусыз мәселе. Еліміз Президентінің осынау атап айтқан сөздерін басшылыққа ала отырып, өз ойымды білдіргім келеді.

Бұл өмірде бір күн қонақ боламыз, Мүмкін елу, мүмкін жүз жыл салармыз.

Ана тілін ардақ тұтып, қастерлеп, Құрметтейік келгенінше шамамыз!

Мемлекеттік тіл – тәуелсіз елдің негізгі рәміздерінің бірі. Тіл – адамдардың қарым-қатынас құралы болғандықтан, ол сөйлеу әрекетінің арқауы болып табылады. Тіл ұлтпен-ұлтты татуластыратын ерекше қатынас құралы. Адам тіл арқылы бір-біріне қатынаса алады. Қазіргі заман жеке адамдардың

ғана емес тұтас ұлттардың да өткеніне үңіліп, бүгінгісін бажайылап, болашағын бағдарлауға жол ашты. Қазақ халқы бар тарихын көшіп жүріп өткізсе де, «батпаққа батырмай, құмға шашпай, жұртында қалдырмай», шыбындыға алдырмай», барлық жиган тіл байлығын, күйі мен жырын бізге жеткізді. Еліміз өз егемендігін алып, іргесін кеңге жайған замандамыз. Қазақ тілі жаппай қолданыс тіліне айналып, шын мәнінде мемлекеттік тіл мәртебесіне көтерілгенде, елімізді «Қазақ мемлекеті» - деп атайтын боламыз деген Елбасымыздың саликалы сөзі еріксіз ойға оралады. Мемлекеттік тіл тәуелсіздігіміздің жырын жырлап, бұғанасын бекітіп, қанатын қатайтты. Тілдің беделін көтеру, оның арын арлап, жоғын жоқтау, олқысын толтыру өз қолымызда, сіз бен біздің қолымызда.

«Ұлттың сақталуына да, жойылуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы тіл» деген Ахмет Байтұрсынұлы. Отбасы өзіміз де, Отанымыз Қазақстан... Тіл меңгеруде, өз тілінде еркін сөйлеуде ата-ананың да рөлі ерекше. Әр ата-ана ананың ақ сүтінен дарыған тілін үйретуді қолға алса, бұл тілдің ешқандай қиындығы

жоқ. «Ана тілін білмеген ақылы жоқ желік бас, Ана - сүймеген халқын сүйіп жарытпас» деген сөзде де терең мағына жатыр емес пе?! Кей мекемелерде қазақ пен қазақ, кей үйде әке мен бала, кейбір мектепте ұстаз бен шәкірт қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ. Өз алдына ел болуға өзінің тілі, әдебиеті бар ел ғана жарай алатындығын біз ұмытпауға тиіспіз...

«Тіл тазалығы дейтініміз, ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау», - деп Ахмет Байтұрсынұлы меңзеген еді. Ана тілі – халық болып жаралғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі (Ж. Аймауытов). Ана тілі қанның, қиылған жанның, толқытқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек. (С.Торайғыров). Бірақ қазақ тілі тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл, ортақ тіліміз екенін ұмытпағанымыз жөн болар. Қазақ тілі өте бай, орамды, көркем тіл. Тіл арқылы өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды сол тіл арқылы үйренеді. Халық өзінің ғасырлар бойы жасаған асыл мұраларын ұрпақтан ұрпаққа алдымен ана тілі

арқылы табыс етеді. Сондықтан ана тілін білмей, ұлттық мәдениетті жете меңгеру мүмкін емес. Қазіргі жаңартылған бағдарлама талабына қарай үш тілдікті алға қойып отыр. Әрине, әр тілді меңгеру, әр тілде сөйлеу әркімнің арманы. «Жеті түрлі ілім біл, жеті елдің тілін біл деген», сөзді негізге алып, ең әуелі өзіміздің ана тілімізді терең білуіміз қажет екенін есте жадымыздан шығармауға тиіспіз. Біздің мақсатымыз өзгенің байлығы, сұлулығы және икемдігі жағынан дүние жүзіндегі озық тілдермен теңдесе алатын ана тіліміз бар екенін ұмытпау болып табылады. «Үш тілдік деп жүріп, ана тілімізден айырылып қалмасак еді?», деген сауал бүгінде әрбір ұлтжанды азаматтың көкейінде сайрап тұрғаны шындық. Тіл туралы заңымыздың қағаз жүзінде қалмай, өмірінде нық қадам басып, ғұмыры ұзақ болуы үшін күресе білейік және ұлттық намысты қолдан бермейік! Ғасырларды арқаға тастап, бүгінге шейін аман-сау жеткен ұлттық құндылықтарымыздың ең басты байлығы – тіліміз тасада қалмасын!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



Биыл Абылай ханның туғанына 310 жыл толуда. Қанша уақыт өтсе де, қазақ халқының жадына Абылай хан қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келеді. Оның есімі тәуелсіздік символында жауынгерлік ұранға айналды. Мұхтар Әуезов жазған мына сөздерді дәл қазіргі Тәуелсіздік заманында еске алып отырсақ, артық болмас: «Қазақтың дербес ел болуына, әрі-беріден соң, қазақтың қазақ болуына, басы қосылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруына ерен еңбек сіңірген Абылайдан артық адам болмас». Абылай хан дәуірін білу арқылы біз қазіргі заманымыздың ерекшелігін, қадір-қасиетін, мән-маңызын түсінеміз.

«Ақтабан шұбырынды» жылдарында бала Әбілмансұр жетім қалып, үйсін Төле бидің қолына келеді. Төле бидің тәлім-тәрбиесінде болуы Абылайға зор ықпал жасады. Қазақ даласының даналығын бойына жинаған баба ақылы мен парасатын, ел билеу қабілетін, жауға қарсы қазақ халқы басы біріксе ғана тойтырыс бере алатынын жас баланың санасына ұлата білген. Оған қоса бала кезінен көрген тіршілік, өмірлік тәжірибе Абылайдың ел өміріне ерте араласуына себепші болды. Бұқар, Үмбетей жыраулардың, т.б. ауыз әдебиетінің ірі өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, Абылай жиырма жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқардың Абылайға «Сен жиырма жасқа жеткен

соң, Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледің» деуі осының дәлелі. Қай жылы тусадан, 1730-33-жылдар аралығында болған бір ұрыста бұрын белгісіз жас жігіт Әбілмансұр жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қонтажы Қалдан Сереннің жақын туысы Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға Абылайлап ат қойған Әбілмансұр жеңісті ұрыстан соң, Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, Абылай атанады.

Абылайдың бүкіл ішкі саяси қызметі бір орталықтан басқарылатын әрі ешкімге тәуелсіз мемлекет құруға бағытталды. Абылай өзінің күш-жігерін келесі бағыттарға жұмсады: біріншіден, оның бір орталықтан басқарылатын мемлекет құруының сәті түсті. 1771-жылы ол Түркістан қаласында қазақтың бүкіл үш жүзінің ханы болып жарияланды. Екіншіден, ол сот билігін күшейте түсті. Үшіншіден, Абылай қазақ рулары мен тайпаларының арасындағы өзара қырқыс, алаусыздықтан туындайтын қақтығыстар мен барымта алуды тоқтатты. Ең соңында, ол қазақтардың егіншілікпен, шөп шабумен және балық аулаумен айналасуына қолдау көрсетті. Хан қазақ даласындағы керуен саудасын күшейтуге барынша көп көңіл бөлді. Абылай хан ақын-жырау, әнші-күйшілер мен діни қайраткерлерге қамқорлық жасап отырды.

Абылайдың кеңесшісі Бұқар жырау болды. Абылайды жырауда да сыртқы жауға қарсы күрес, ел ынтымағы, ел бірлігі Бұқар өлеңдерінің негізгі өзегі болып отырды. «Ей, Абылай, Абылай!» деген өлеңінің бір жерінде жырау: Қырық беске келгенде, Жақсы мен жаман демедің. Елу жасқа келгенде, Үш жүздің баласының Атының басын бір кезенге тіредің», дейді. Абылай туралы өлеңдерінде Бұқар оның жақсылық жақтарын көріп қана қоймайды, кемшіліктерін де айтады. Ол «Ей, Абылай, Абылай!» деп, азуы алты қарыс ханға өктем сөйлейді. Айтарын бүкпейді, батыл айтады. Өйткені жырауға ел бірлігі, ел тағдыры қымбат. Өз дәуірінің ойлы ақыны Бұқар жырау ханның ісі халық тілегіне қайшы келіп, елдің батырлары мен ханның арасы алшақтап бара жатса, Абылайдың қателіктерін ашық көрсетіп, ел бірлігі үшін олардың арасына дәнекер болып, ханға дұрыс бағыт сілтейді. Бұқар жыраудың көп өлеңдерінің Абылайға арнауының негізгі себебі қазақ елін сол замандағы беделді Абылай ханның айналасына топтастыру еді. Енді бірде «Үш жүздің басын құрадың», - деп, Абылайды Жоңғар қалмақтарына қарсы күресте елге басшылық еттің, оның азаттық жолындағы күресінің ұйымдастырушысы, қолбасшысы болдың деп мадақтайды. Жыраудың бұл жерде де айтайын деген негізгі ойы – қазақ елінің бірлігі. Сол ел бірлігін ұйымдастырудағы, әрі бірлікті ұстай білудегі Абылайдың рөлін көрсету, үш жүздің басын қосып, күшін біріктіріп, сыртқы жаулармен күресті басқара білгендігін дәріптеп, осы жағынан оны басқаларға үлгі ету. Абылай қаһарлы хан болуымен қатар, қазақ халқының рухани қасиетінен еркін сусындаған дарынды күйші ретінде де белгілі. Ол «Ақ толқын», «Ала байрақ», «Бұлан жігіт», «Дүние қалды», «Жетім торы», «Қайран елім», «Қара жорға», «Қоржынқакпай», «Майда жел», «Сары бура», «Шаңды жорық» т.б. күйлердің авторы. Абылай өмір жолын ат

үстінде, жорықтарда өткізіп, Арыс өзені жағасында қайтыс болды. Сүйегі Түркістан қаласындағы қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесінде жерленген.

Мәңгі риза халық «Ер есімі ел есінде» дегендей, Абылай ханның құрметіне еліміздің көптеген қалаларына ескерткіштер орнатып, оқу орындарына, көше мен даңғыларына оның есімін беруде. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін 1991-жылы Алматының басты даңғыларының біріне Абылай есімі беріліп, темір жол вокзалының алдына ат үстіндегі ескерткіші орнатылды. Хан ескерткіші Көкшетау, Жезқазған, Павлодар қалаларында да бар. Қазақстанның 1993-жылғы ең бірінші төлтеңгесінде бейнесі бедерленді. 2005-жылы Абылайдың өмір жолына арналған «Көшенділер» фильмі түсірілді. 2008-жылы Петропавл қаласында «Абылай хан ордасы» кешені ашылып, алдына ескерткіші орнатылды. Оның есімі Алматыдағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетіне берілген.

Иә, Абылай – аңызға айналған тұлға. Бірақ, біз ата тарихының бар шындығын ашу үшін, сол аңыздан ақиқатты ажыратып алуымыз керек және оны өткеннен сабақ, тарихтан тағылым алу үшін жасауымыз керек... Абылай тақырыбы ол туралы аңызды өршіту үшін емес, тәуелсіздік үшін күрескен тарихи тұлғаның өмірінен тағылым өрбіту үшін қажет... Абылай заманы ғана емес, бүкіл қазақ тарихы ұлт-азаттығы, мемлекет тәуелсіздігі үшін күрес сияқты көрінеді. Ел бостандығы, ұлт тәуелсіздігі біздің халық үшін еш уақытта да төбеден түскен сый болмаған. Ол әрдайым ел қамын жеген ерлердің жанқиярлық, жанпидалық еңбегінің, күресінің нәтижесінде ғана келгенін ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Және қаламыздағы құзырлы орындар ұлы тұлғаның мерейтойын ұрпаққа ұлағат ретінде атап өтсе дұрыс болар еді деген ұсынысымыз бар!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

«ТАЗА ЖАГАЛАУЛАР» ЭКОЛОГИЯЛЫК АКЦИЯСЫ



Ағымдағы жылдың 3 маусымы «Таза жағалаулар» экологиялық акциясы аясында қаламыздың мемлекеттік мекемелердің басшылары, барлық бөлім қызметкерлері мен ерікті жастармен Балхаш көлінің жағалауларында сенбілік өтті.

Бұл акцияның негізгі мақсаты экологиялық сауаттылықты арттыру және тәртіп орнату, облысымыздың су айдындарының манын абаттандыру, рұқсат етілмеген полигондарды, қурылыс және тұрмыстық қалдықтарды жою болып табылады!

Приозерск қаласының әкімдігі

3 июня текущего года в рамках экологической акции «Чистые берега» на берегах озера Балхаш прошел субботник с руководителями государственных учреждений города, сотрудниками всех отделов и добровольческой молодежью.

Основной целью данной акции является повышение экологической грамотности, благоустройство водоемов области, ликвидация несанкционированных полигонов, строительных и бытовых отходов!

САРБАЗДАР ӘСКЕРИ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ



2023 жылғы 3 маусым күні әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне қарасты 44841 әскери бөлімінде 44 жас сарбаздар Әскери ант қабылдады. Өткізілген іс-шараға Приозерск қаласының әкімі Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков, Приозерск қаласының әскери прокуроры полковник Арман Асылханович Дармурзаев, Приозерск гарнизонына қызмет көрсету жөніндегі әскери полиция бөлімшесінің бастығы майор Жалғасбек Абайұлы Айдынбеков, Приозерск қаласы ҚР ҚК ардагерлер кеңесінің төрағасы Тлек Алшынбекұлы Кенжебеков және сарбаздардың ата-аналары мен жақындары қатысты.

міндеттерін адал және абыроймен атқаруға, еліне адал қызмет етуге, азаматтар құқығы мен бостандығын қорғауға ант берді.

3 июня 2023 года в воинской части 44841 войск противовоздушной обороны, 44 молодых солдат приняли Военную присягу. В мероприятии приняли участие аким города Приозерск Ламбеков Нурлан Рымбаевич, военный прокурор города Приозерск полковник Арман Асылханович Дармурзаев, начальник отделения военной полиции по обслуживанию Приозерского гарнизона майор Алганбек Абаевич Айдынбеков Председатель Тлек Алшынбекович Кенжебеков и родители и близкие солдат.



Іс-шара барысында Әскери ант қабылдау рәсімінің маңызы туралы Приозерск гарнизоны бастығының міндетін атқарушы подполковник Андрей Владимирович Зотов жеткізді. Әрі қарай Приозерск қаласының әкімі Нұрлан Рымбайұлы Ламбеков мырзамен Приозерск қаласы ҚР ҚК ардагерлер кеңесінің төрағасы Тлек Алшынбекұлы Кенжебеков мырза жас сарбаздарды Әскери ант қабылдауымен құттықтап Әскери ант Отан алдындағы борышты өтеу әрбір жастардың бірден бір парызы екендігі жөнінде сөз қозғады. Ал сарбаздар Әскери ант қабылдай отырып қызметтік

В ходе мероприятия о важности церемонии принятия военной присяги сообщил исполняющий обязанности начальника Приозерского гарнизона подполковник Андрей Владимирович Зотов. Далее аким города Приозерск Нурлан Рымбаевич с господином Ламбековым председатель Совета ветеранов ВС РК г. Приозерск г-н Кенжебеков Тлек Алшынбекович поздравил молодых солдат с принятием Военной присяги о том, что погашение долга перед Отечеством является единственным долгом для каждой молодежи!

Приозерск қаласының әкімдігі

«ИЗУЧАТЬ И УВАЖАТЬ»,
«ИНДУСТРИАЛЬНАЯ КАРАГАНДА»
ОТ 01.06.23



Международная научно-практическая конференция «История массовых политических репрессий в Казахстане в 20-50-е годы XX в.: новые архивные данные и исследования» прошла в Карагандинском университете имени академика Е. А. Букетова. На этой площадке могли обменяться историческими знаниями и опытом ученые, потомки репрессированных, государственные и общественные деятели из разных стран: «Это значимое событие посвящено Дню памяти жертв политических репрессий и голода, и его целью было формирование общенационального исторического сознания, укрепление казахстанской идентичности и единства на основе общей истории», – сказал, открывая конференцию, руководитель управления внутренней политики Карагандинской области Нурлан Бикенов. - Но главным событием стала презентация сборника архивных документов, который был составлен учеными карагандинского университета совместно с работниками архивов.

2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕР ЖӘНЕ САТЫП АЛУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік мекеменің атауы	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның аты - жөні	Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдайтын уақыты мен күні	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефондары
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Каскатаев Айдын Кайратович	Бөлім басшысы	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі,5	8(71039) 5-28-59
«Приозерск қаласының мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Дюсенбаев Абиля Зейнелкапдулович	Бас маман	Күнделікті сағат 17.00 де	Приозерск қаласы, Балхаш көшесі, 5	8(71039) 5-29-03

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-27-92
Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты. Сейсенбі сағат 17:00-ден 18:00-ге дейін.
ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-33-16
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела. Вторник с 17:00 до 18:00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16
Мәслихат төрағасы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.
ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА» 5-33-16
Председатель городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-38-70
Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - дүйсенбі, сәрсенбі, жұма күндері: сағат 10.00-ден 12.00-ге дейін, 15.00-ден 17.00-ге дейін.
ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГУ «ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ И СОЦИАЛЬНЫХ ПРОГРАММ Г. ПРИОЗЕРСК» 5-38-70
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – понедельник, среда, пятница с 10.00 до 12.00; с 15.00 до 17.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-20-17
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі-жұма сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.
ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧЕРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ СТРОИТЕЛЬСТВА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК» 5-20-17
График приема граждан руководителем отдела – Понедельник-Пятница с 17.00 по 18.00 часов.

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ТҰРҒЫ-ҮЙ ИНСПЕКЦИЯСЫ БӨЛІМІ» ММ БӨЛІМ БАСШЫСЫ



КАДРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР КАДРОВЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ

Facebook PRIOZERSK QALASYNYŇ AKIMDIGI Instagram PRIOZERSK.AKIMDIGI YouTube SENIM109.KZ

«ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ 5-33-16
«Приозерск қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің азаматтарды қабылдау күні әр аптаның дүйсенбі күні сағат 16:00-17:00 аралығында. Сенім телефондары: 8(71039)5-40-93, 8(71039)5-40-95



Баспасөз - 2023

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газетіне 2023 жылдың 2-ші жарты жылдығына жазылу науқаны басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта бөлімшесінде, Пушкина көшесі, 9/2-үй мекенжайы бойынша рәсімдеуге болады.

«QORJYNTÜBEK JARŞYSY» газеті	6 айға
Жеке тұлғалар үшін (66363 индекс)	2334,60 тг.

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru Таралымы: 500 дана Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35 QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №22/48, Таралымы:500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru
Газеттің арнаулы тілшісі: Нұрғали Қарабектегі +7-778-582-29-41

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат коми тетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады.